

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ДАУ-ДАМАЙДЫ ШЕШУ ЕШҚАШАН ОҢАЙ БОЛҒАН ЕМЕС

Сарқылмасын Сыр - Ана!



БІЛІМ мен ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ ЕРЕКШЕ



Аймақ басшысы Бақберген Сәрсенұлының еңбек жолына тоқталып, ізгі тілегін жеткізді.

– «Бүгінгі ресми жиынымыз адал еңбегімен халықтың ықыласына бөленген, өнегелі істердің ұйытқысы болған ардақты ағамыздың құрметіне арналады. Өңірдің дамуына елеулі еңбек сіңірген, есімі Сыр жұртына етене таныс Бақберген Досманбетов ағамыз 80 жасқа толды.

Бақберген Сәрсенұлы 1945 жылы Қармақшы ауданында дүниеге келген. Мәскеу басқару институтының құрылыс және қала шаруашылығы факультетінде білім алған.

Еңбек жолын теміржолда қарапайым жұмысшы ретінде бастап, әр жылдары бұрынғы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институты, қазіргі Қорқыт ата атындағы университетте комсомол комитетінің хатшысы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі, проректор, ректор, Қызылорда қаласының әкімі қызметтерін атқарды.

Экономика саласын зерттеп, 9 монография, 60 ғылыми мақала жазды.

Қала әкімі болған тұста өңіріміздің тіршілігіне серпіліс әкеліп, жұмыс орындарының жандануына мүмкіндік жасады.

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Сәрсенұлы Досманбетовты 80 жасқа толу мерейтойымен құттықтады. Басқосуға зиялы қауым өкілдері, мерейтой иесімен қызметтес болған замандастары қатысты.

Парламент Сенатының II, III, IV шақырылымының депутаты ретінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар көтеріп, ел игілігін көздейтін заңдардың қабылдануына елеулі үлес қосты.

Тәуелсіздіктің қалыптасу жылдарында елде жұмыссыздық белең алып, айлап-жылдап еңбекақы, зейнетақы берілмеді. Электр энергиясы жетіспей, көгілдір отын арман болып, арбалап ағаш тасығанымыз да көз алдымызда. Сондай заманда елді бірлікке үндеп, сабыр мен төзімнің үлгісін көрсеткен осындағы аға буын Сіздердің еңбектеріңіз ерен.

Ерекше атап өтуіміз қажет, қаламыздың сол жағалауында орналасқан, көркі мен сәулеті келіскен «Болашақ» университетінің құрылғанына да 30 жыл толды.

Бүгінде университеттен өңіріміз бен еліміздің еңбек нарығына қажетті мамандар білім алып, ел дамуына өлшеусіз үлес қосып келеді. Бұл – Бақберген Сәрсенұлы ағамыздың білім мен ғылымға деген құрметінің нақты көрінісі.

Сыр жұртшылығының атынан Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Ұзақ ғұмыр, деніңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке тілейміз!», – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда облыс әкімі мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет Грамотасын табыстап, дәстүрге сай шапан жапты. Ел ағалары Ибрагим Өбидүллаев, Бекмырза Еламанов, Нажмадин Мұсабаев, Сәпен Аңсат, Қылышбай Бисенов сөз сөйлеп, Бақберген Сәрсенұлының елге жасаған елеулі еңбегін атап өтті.

Бақберген Сәрсенұлы Досманбетов экономика ғылымдарының докторы, «Болашақ», Қорқыт ата атындағы Қызылорда, Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттерінің профессоры, Қазақстан Республикасы Жоғары мектебі Ғылым академиясының академигі, «Құрмет», «Парасат», II дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталған, Қызылорда облысының Құрметті Азаматы.

Жиын соңында мерейтой иесі көрсетілген құрметке алғаусыз алғысын білдірді.

1 қазан – Қарттар күні

АМАН БОЛ, АБЫЗ АҒАЛАР!

ОИД ардагерлері мен барлық абзал ақсақал ағаларға

Антын адал ақтаған,
Арын таза сақтаған,
Сендерсің абыз ағалар.

Осынау байтақ ордалы,
Халықтың болған қорғаны,
Сендерсің нағыз ағалар.

Аяқтан суық ыза өткен,
Аязда елін күзеткен,
Сендерсің абыз ағалар.

Жүрген ыстық аптапта,
Жауын мен боран, батпақта,
Сендерсің нағыз ағалар.

Тынығып жөнді жатпаған,
Күн-түні тыным таппаған,
Сендерсің абыз ағалар.

Көз ілмей талай түн қатып,
Көрмеген ешбір үн қатып,
Сендерсің нағыз ағалар.

Ажалдан қашпай шетке тек,
Ажалмен келген бетпе-бет,
Сендерсің абыз ағалар.

Санына жетпес санаса,
Әлсізге түскен араша...
Сендерсің нағыз ағалар.

Қылмыскер болса қорлаған,
Кісінің құқын қорғаған,
Сендерсің абыз ағалар.

Алатау биік асқар тым,
Ақылшысы жастардың,
Сендерсің абыз ағалар,
Сендерсің нағыз ағалар!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ҚР ІІМ-нің Еңбек және Құрметті
ардагері

«SYR DARYA» БАЗАРЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Сырдарияның сол жағалауында жаңадан ашылған «Syr Darya» коммуналдық базарының аумағында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеге Сыр диқандары мен жергілікті тауарөндірушілер 28 жүк автокөлігіне тиелген 60 тоннадан астам өнім әкелді. Қала тұрғындарына күрші, ет, балық және көкөніс пен жеміс-жидектер, бақша өнімдері, ас тұзы мен сүт өнімдері ұсынылды.

Сонымен қатар «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы өңірлік тұрақтандыру қорынан алынған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары да сатылды.

Жәрмеңкенің сол жағалауда ұйымдастырылу себебі – тұрғындарды жаңа форматтағы заманауи сауда орны – «Syr Darya» коммуналдық базарымен таныстыру. Бұл базар жергілікті өнімдерді делдалсыз тікелей нарыққа шығаруға, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Жалпы аумағы 5 мың шаршы метрді құрайтын сауда алаңының бірінші қабатында азық-түлік өнімдері, ал екінші қабатында киім-кешек бөлімдері жұмыс істейді. Қала тұрғындарының ыңғайы үшін әр сенбіде базарға қатынайтын қоғамдық көліктер тегін қатынауда.

Дәл осы аумақта құны 3 млрд. теңгені құрайтын көкөніс сақтау қоймасы мен 526 млн. теңгеге шағын өнеркәсіптік аймақтың құрылысы жүріп жатыр. Бұл жобалар аймақты сапалы жергілікті өнімдермен қамтамасыз етуге, шағын бизнесті дамытуға және салық түсімдерін арттыруға зор үлес қосады деп күтілуде.



◆ Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қарулануды шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады.

◆ Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз.

◆ Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз.

◆ Сонымен қатар біз бұған дейін айтқан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.

◆ Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа аланд аулы.

◆ Дегенмен аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

◆ Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді.

◆ Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді.

◆ Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бей-жай қарау мүмкін емес.

◆ Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

◆ Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркеніеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр.

◆ Алайда мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы.

◆ Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

◆ Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды.

◆ Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмән-күдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

◆ Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал.

Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндірді.

Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық.

Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады.

Дегенмен Каспий теңізі күннен күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды.

Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

◆ Былтыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water саммитін өткізді.

Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет.

Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады.

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз.

Осы орайда Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

◆ Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады.

Алайда жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне әкеледі. Сондай-ақ этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қоюына жол бермеуіміз керек.

Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуге тиіс.

Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет.

Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтың басталуын қолдайды.

ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

◆ Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі.

Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасақталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға өзір.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды.

Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі саналады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады.

Жуырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды.

Дегенмен ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан цифрлық прогресс кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет.

Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды.

(Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясындағы Жалпы дебатта сөйлеген сөзінен ықшамдалды)

СЫРБОЙЫЛЫҚТАРДЫҢ “АБАЙҒА” ҚҰРМЕТІ – “АНАҒА ТАҒЗЫМ” ОРТАЛЫҒЫ

Абай облысында өткен Қызылорда облысының өнер күндеріне барған Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегация Семейдегі «Абай ұлдарымен» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Делегация құрамында Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Н.Байқадамов, Р.Рүстемов, М.Ергешбаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев, аймақ



ардагерлері, зиялы қауым өкілдері, Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар, симфония оркестрлері, «Сыр самалы» вокалды-аспапты, «Томирис» би ансамбльдері, хор ұжымы, басқа да өнерпаздар бар.

Сыр елі делегациясының мүшелері Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын аралап, құнды жәдігерлермен танысты.

Абай облысының әкімі Берік Уәли қоңақтарға «Semei Smart City» шағын ауданының құрылыс жобасын таныстырды. Қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан жаңа ауданда 75 мың тұрғынға арналған тұрғын үй кешендері, 40-тан астам әкімшілік, коммерциялық және әлеуметтік нысандар, саябақтар бой көтермек.

Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында еліміздің 11 өңірі Семей қаласына бір нысан салып беруге өз ұсыныстарын берді. Маңғыстау облысы Достық үйінің іргетасын қалады. Шымкент қаласы шығармашылық орталығын, Түркістан облысы көрме орталығын, Астана қаласы Келешек мектебін, Ақтөбе облысы жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы үстел теннисі орталығын, Солтүстік Қазақстан облысы Рәміздер алаңын, Батыс Қазақстан облысы желілік саябақ салуды, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс жағажайын абаттандыруды жоспарлаған.

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев: – «Барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен үлкен жобаны қолға алған екенсіздер. Біз де бұл игілікті іске өз үлесімізді қосамыз. Қызылорда қаласында «Анаға тағзым» орталығы бар. Сондай ғимараттың бірін жоспарлаймыз», - деп Мемлекет басшысының бастамасын қолдайтынын жеткізді.

Делегация Семей қаласында орналасқан еліміздегі автобус құрастыратын жетекші кәсіпорындардың бірі «Daewoo Bus Kazakhstan», жүк көліктерін, арнайы техника құрастырумен айналысатын «Сема3» және түрлі баспа өнімдерін шығарумен шұғылданатын «Казполиграф» серіктестіктерін аралады. Кәсіпорындардың өнімдеріне қызығушылық танытып, алдағы уақытта бірлесе жұмыс істеуге дайын екендерін жеткізді.

СЕМЕЙДЕГІ «СЫР ӨҢІРІ – ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ» КӨРМЕСІ

Алдымен Семейдегі Абай атындағы театрда «Сыр өңірі – түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрме ашылды. Оны Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Абай облысының әкімі Берік Уәли аралап көрді.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы құнды жәдігерлерден жасақталған көрме 3 бөлімнен тұрады. Ондағы «Шірік Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» археологиялық реконструкциялары археологиялық-этнографиялық экспедициялар кезінде табылған жәдігерлерді негізге алып жасалған.

Келушілер назарына археологиялық алтындыр коллекциясы, атап айтқанда Шірік Рабат және Бәбіш мола қалашықтарынан табылған алтын жапсырмалар, Сығанақ қалашығынан табылған алтын сырғалар, тұмар, түймелер және маржан моншақтардың түпнұсқа коллекциясы ұсынылды. Жанкент, Асанас, Қышқала, Сығанақтан т.б. табылған терракоталар, глазурлі қаптамалар, қыш ыдыстар және Бидайықасар қалашығынан табылған қоссаз домбыра көшірмесі де Абай елі тұрғындарының қызығушылығын туғызды.

Көрмеге қойылған зергерлік бұйымдар коллекциясының тарихы бай. Сыр бойының қазақ әйелдері тағынған күміс әшекейлердің, яғни өңіржиек, жырға, алқаның, тұтынған



ағаш жиһаздарының, ыдыстардың, тері бұйымдарының, ер қаруы болған қылыш, айбалта, семсер, шоқпар, найза, қалқан, жебенің құндылығы жайында білгісі келетіндер қатары көп болды.

Сондай-ақ, түркі дүниесінің ұлы абызы Қорқыт атаның «Деде Қорқыт» кітабының Дрезден нұсқасы, нар қобыз, ЮНЕСКО сертификаты, кәдесыйлар, үш жүздің пірі болған Марал ишаннан жеткен көк аса, Марал баба-

ның оққағары болған Тәжіке тиесілі Керей ерінің түпнұсқасы, Қалқай ишан, Сердалы Бекшорин, Ер Сейтпенбет, Бұқарбай батыр пайдаланған мөрлердің көшірмелері де көрме төрінен орын алған.

Семейліктер Абайдың 1922 жылы жарық көрген өлеңдер жинағының, Қызылорданың Қазақ АКСР-інің астанасы болғанына 100 жыл толуына орай фото және архивтік құжаттардың қырсырына қанықты.

«СҰЛУ СЫРДАН - ҰЛЫ АБАЙ ЕЛІНЕ» КҮНДЕРІ ӨТТІ

Семей қаласында Абайдың 180 жылдығына арналған «Сұлу Сырдан - ұлы Абай еліне» атты Қызылорда облысының өнер күндері өтті. Семейдегі Абай атындағы театрда Абай елінің көрермендеріне сұлу Сырдың жыр сәлемі жеткізіліп, аймақ басшысы концертке келушілерге ізгі тілегін білдірді.

– «Еліміздің ұлттық руханияты мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің ордасы – киелі Семей өлкесінде Өздеріңізбен жүздескенімізге қуаныштымыз! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Семей – ұлы даланың ұлағатты өлкесі. Бұл – Алаш арыстарының ізі қалған, зиялыларымыз елдің болашағы үшін күрескен кастерлі өңір. Семей – ұлттық ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің тарихи орталығы» деп лайықты бағасын берді.

Абайдың есімін иеленген қасиетті өлкеде ұлы тұлғаның 180 жылдығы быыл аса жоғары деңгейде аталып өтті. Мемлекет басшысы «Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кеменгер. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы» деген болатын. Ақын өсиеттері – бүгінгі ұрпақтың айнымас қазығы. Баршаңызды қазақтың ұлы ақыны, «адамзаттың Абайы» атанған ағартушы, рухани реформатор Абай Құнанбайұлының жалпыхалықтық тойымен Сыр жұртшылығының, Өзімнің атымнан шын жүректен құттықтаймын!

Семей және Қызылорда қалалары ұлтымыздың тағдыршешті мәселелері қаралып, маңызды шешімдер қабылданған саяси орталық ретінде тарихқа таңдалған.

Бүгінде Президентіміздің қолдауымен дербес облыс болып құрылған Абай елінде серпінді жобалар қарқын алғанына қуаныштымыз. Мәдениет пен руханиятты дамыту – еліміздің тұтастығын, ұлттық сана мен қоғамдық келісімді нығайтудың берік негізі. Бүгінгі шара екі өңірдің мәдениет, өнер саласы қызметкерлерінің



тәжірибе алмасуына, іскерлік байланыстарды арттыруға ықпал етеді. Тәуелсіз еліміздің тұғыры берік, болашағы жарқын болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік басқосуда Абай облысының әкімі Берік Уәли сөз сөйлеп, өнер күндерін өткізуге қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, атсалысқан өнерпаздарға алғысын жеткізді.

Концертте Қорқыттың күйі, халық әндері, Сыр сүлейлерінің термелері, «Ұлы дала поэмасы» хореографиялық қойылымы, күй тартыс, «Махамбет» поэмасы және басқа да туындылар көрерменге ұсынылды.

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР “ӨСКЕМЕНМЕН” ТАНЫСТЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған делегацияның Абай еліне сапары Шығыс Қазақстан облысында жалғасты.

Меймандарды ШҚО әкімі Нұрымбет Сақтағанов қарсы алды. Делегация мүшелері ең әуелі Өскемендегі Халифа Алтай атындағы мешіттің сәулеттік құрылымымен, ішкі жұмысымен, діни ағартушылық қызметімен танысты.

Одан кейін Жеңіл атлетика манежіне барды. Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакованың аты берілген спорттық нысан 2014 жылдан бері жұмыс істейді. Онда жеңіл атлетиканың түрлі бағытында жаттығатын өлке спортшылары жарыстарда жоғары нәтиже көрсетіп келеді. Делегация назарына ұсынылған Жекпе-жек кешені де - Шығыс Қазақстандағы озық спорт нысандардың бірі.

Содан соң қоңақтар өз өнімдерін тек өңірге ғана емес, республика аумағына саудалайтын “Шығыс сүт” ЖШС-ға барды.

Бүгінде мұнда 80 түрлі өнім шығарылады. Қызылордалықтар корпорацияның тарихымен, жабдықтарымен танысып, жұмыс барысын бақылады.

Делегация мүшелері ШҚО әкімдігі ғимаратының алдындағы Абай Құнанбайұлы ескерткішіне тағзым етіп, жуырда ашылған «Алтай» көтерме-тарату орталығына барды. Шығыс өңіріндегі ең ірі сауда орталығы ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге және бағаның тұрақталуына оң септігін тигізуде.

Өңірлер арасындағы байланысты күшейте түсетін осындай делегациялар сапары Бердібек Сапарбаевтың бастама-сымен қолға алынған болатын. Игі дәстүр бұдан кейін де үзілмей, жалғасын таба бермек.

ӨСКЕМЕНДЕ «СЫР ӨҢІРІ – ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ» АТТЫ КӨРМЕ ӨТТІ

Абайдың 180 жылдығына арналған «Сұлу Сырдан - шырайлы Шығысқа» атты Қызылорда облысының өнер күндері Шығыс Қазақстан облысының орталығы Өскеменде жалғасты.

Шығыс Қазақстан облыстық филармониясында «Сыр өңірі – түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрме ашылып, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов және өскемендіктер Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қорындағы құнды жәдігерлермен танысты.

Кейінгі жылдары музей қоры ежелгі қалалар

орнынан табылған жәдігерлерді негізге алып қайта жаңғыртылған «Шірік Рабат сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы», «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» археологиялық реконструкцияларымен толыққан болатын. Бүгінгі көрмеге келушілер осы жәдігерлерге ерекше назар аударды. Археологиялық экспедициялар кезінде табыл-



ған алтындыр коллекциясы да осы жерден орын алған. Ежелгі өркениеттің бесігі саналатын Шірік Рабат және Бәбіш мола қалашықтарынан табылған алтын жапсырмалар сол дәуірдің көзіндей. Сондай-ақ, көрмеге орта ғасырларда сауда-саттық пен мәдениеті өркендеген Сығанақ қалашығынан табылған алтын сырғалар, тұмар, түймелер және маржан моншақтардың түпнұсқа коллекциясы қойылған. Сығанақ тұрғылығы Жанкент, Асанас, Қышқала, Сығанақтан табылған терракоталар, глазурлі қаптамалар, қыш ыдыстар және Бидайықасар қалашығынан табылған қоссаз домбыра көшірмесін де қызыға тамашалады.

Көрмедегі зергерлік және тұрмыстық бұйымдардың орны бөлек. Өңіржиек, жырға, алқа, ағаш жиһаздар, ыдыстар, тері бұйымдары Сыр бойында қолөнердің бай мұрасы сақталғанын көрсетеді. Қару-жарақ коллекциясындағы қылыш, айбалта, семсер, шоқпар, найза, қалқан, жебе

тарихтан сыр шертеді.

«Деде Қорқыт» кітабының Дрезден нұсқасы, нар қобыз, ЮНЕСКО сертификаты, кәдесыйлар, Марал ишанның көкәсасы, Керей ерінің түпнұсқасы, Қалқай ишан, Сердалы Бекшорин, Ер Сейтпенбет, Бұқарбай батырдың мөрлердің көшірмелері де көрмеге келушілер қызығушылығын туғызды.

«СҰЛУ СЫРДАН - ШЫРАЙЛЫ ШЫҒЫСҚА» АТТЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӨНЕР КҮНДЕРІ ӨСКЕМЕНДЕ ЖАЛҒАСТЫ

Шығыс Қазақстан облыстық филармониясына жиналған көрерменге өнерпаздар ән-жырдан шашу шашты.

Аймақ басшысы ұлт руханияты мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің қайнар бастауындағы тұлғалар түлеген Шығыс жұртшылығына ізгі тілегін білдірді.

– «Өз заманынан көш ілгері ойлайтын Шәкәрім Құдайбердіұлынан «Сыр – Алаштың анасы» деген нақыл қалған. Қилы заманда, зұлматқа толы күндерде, ақтабан шұбырынды кезеңінде, ел ішін ашаршылық жайлағанда бүкіл қазақ баласы көшкеруенінің басын Сырға бұрып, Сырды анасындай паналаған. Сол себепті, Алашқа ана болған Сырдың қазақ үшін орны да, жөні де бөлек.

Күллі түркі әлемінің алтын бесігі саналатын Алтай төріндегі шырайлы шығыс өлкесі – түркілердің сана-сезімін қалыптастырған, рухани ұясында талай ұлы тұлғалар тәрбиеленген қасиетті мекен.

Ырыс аунап, құт қонған Шығыс Қазақстан – қазақ халқының жан-дүниесінің тереңдігін айқындайтын киелі өлке.

Шығыс тауының бөктерінде ұлы Абайдың 180 жылдығы Президентіміздің қолдауымен жоғары деңгейде атап өтілуі де осының айқын дәлелі.

Мемлекет басшымыз «Ұлы Абай – біздің еліміздің мақтанышы ғана емес, әлемдік деңгейдегі кеменгер. Оның өлеңдері мен қара сөздері – ұлттық болмысымыздың айнасы» деген болатын.

Баршаңызды қазақтың біртуар ұлы ақыны, «адамзаттың Абайы» атанған ағартушы, рухани реформатор Абай Құнанбайұлының жалпыхалықтық тойымен Сыр жұртшылығының, Өзімнің атымнан шын жүректен құттықтаймын!!!», – деді Н.Нәлібаев.

Мерекелік басқосуда Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов сөз сөйлеп, өнер күндерін өткізуге қолдау білдірген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевқа, атсалысқан өнерпаздарға алғысын жеткізді.

Концертте Қорқыттың сарыны қылқобыздан төгіліп, «Күлтегін» жырының үзіндісі орындалды, көрермен қошеметіне ие болған «Қорқыт–қобыз» әні шырқалды.

«Ұлы дала поэмасы» хореографиялық қойылымын қойған «Томирис» би ансамбліне ерекше құрмет көрсетілді.

Сыр сүлейлерінің толғауларына сусаған көрерменге Нұртуған жыраудың «Өсиеті», Нартай ақынның «Өздерің білер Нартаймын», Ақ Кете Шернияздың «Сөз сөйлейін белмелеп» термелері ұсынылды.

«Бүлдірген», «Сұрша қыз», «Сырдың қараторғайы», «Ауылың сенің іргелі» сияқты халық әндері, әлемдік классиканың жауһар туындылары орындалды.

КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛҒАН СЕССИЯ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезекті XXV сессиясы өтті. Басқосуға құқық қорғау органдарының, облыстық басқармалар мен департамент басшылары, қала және аудан әкімдері, мәслихат депутаттары қатысты. Күн тәртібінде 9 мәселе қаралды.

Аймақ басшысы өңірде ауқымды жұмыстың жүзеге асырылуына қатысты мәселелерді қозғап, ұсыныстарын жеткізді.

- «Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Ендігі кезекте Сіздермен бірлесіп, Президентіміздің Жолдауынан туындайтын міндеттерді сапалы әрі мерзімінде жүзеге асыруымыз қажет.

Баршаңызды ел игілігі жолындағы жұмысты ауызбірлікпен, асқан жауапкершілікпен атқаруға шақырамын.

Бүгінде аймағымызда Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің ерекше қолдауымен ауқымды инвестициялық жобалар қарқын алды. Өткен 8 айдың қорытындысымен негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің есімі қамтамасыз етілді.

Биыл облыс бюджеті 829 млрд. 200 млн. теңге болды, 2022 жылдан бері 228 пайызға өсті. Оның 477 млрд. 600 млн. теңгесі (58%-ы) әлеуметтік саланың үлесінде.

Даму бюджетінің көлемі 2022 жылғы 62 млрд. теңгеден 214 млрд. теңгеге дейін артты (3,5 есе). Бұл қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Бүгінде өңірде қолайлы инвестициялық климат қалыптасып, ірі жобалар жүзеге асырылуда. Биылға 631 млрд. 400 млн. теңгеден астам инвестиция тарту жоспарланса, жаңа жобаларды іске қосу есебінен жоспар 716 млрд. теңгеге дейін артығымен орындалады. Қазіргі таңда 408 млрд. 200 млн. теңге инвестиция тартылды.

Биыл құны 302 млрд. 500 млн. теңге болатын 27 жоба іске қосылады. Облыста 166 млрд. 800 млн. теңгеге 96 жобаның құрылысы жүруде.

Соңғы үш жылда қаржыландырудың барлық көзінен 2 млн. 500 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Қаламыздағы 623 көпқабатты тұрғын үй ыстық сумен қамтамасыз етіледі. Жыл соңына дейін газдандыру деңгейін 83 пайызға жеткіземіз.

Биыл 189 600 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде 80 900 гектарға күріш егілді. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес су үнемдеу технологияларын қолдану, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайту үшін кешенді шаралар атқарылуда», – деді Н.Нәлібаев.

Сессияда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу үшін беінекамералар орнату, алдағы жылу беру маусымын іркілсіз өткізу, халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй сатып алу, Қызылорда қаласының архитектуралық-сәулеттік келбеті мен туристік әлеуетін арттыру, тұрғындарды ауыз сумен жабдықтау, көріз желілерін жүргізу, «Сабалақ» елді мекенін газдандыру және басқа да ауқымды жұмыстарды жүзеге асыру үшін облыстық мәслихат сессиясының қарауына 2025 жылға арналған облыстық бюджетті нақтылау туралы ұсыныс енгізілді.

Бұл қаражат облыстық бюджеттің өз кірістерін ұлғайту, бюджеттік бағдарлама әкімшілерінен үнемделген қаржыны қысқарту есебінен қалыптасқан.

Сондай-ақ, сессияда облыстық жолашушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов, облыстық полиция департаментінің бастығы Серік Ерғешов баяндама жасады.

Мәслихат депутаттары ұсыныстарға қолдау білдіріп, олардың барлығы кезек күттірмейтін маңызды мәселе екенін айтты.

НӘЛІБАЕВ ЕГІН ЖИНАУДАН КЕШІКПЕ ДЕЙДІ

■ Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен егін жинау науқанының барысы туралы Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігінің жиналысында аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тапсырма берді. – «Өздеріңізге белгілі, биыл өңірімізде вегетациялық кезең өте күрделі жағдайда өтті.

Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауының арқасында көршілес мемлекеттермен қажетті су көлемін жеткізу бойынша нәтижелі

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес 2026 жылға су үнемдеу технологияларын мемлекеттік қолдау шараларына облысымызға 9 млрд. теңге қаржы бөлінді. Бұл – бұрын-соңды болмаған қолдау. Осының арқасында егіс құрылымын ертартапандырып, оның ішінде су үнемдеу технологияларын пайдалану көлемін ұлғайтуымыз керек. Оның ішінде, күріш – тамшылатып суару әдісімен егуді қолға алуға тиіспіз», – деді Н.Нәлібаев.

Жыында жылу беру маусымына дайындық барысы да қаралды. «Алдағы жылу беру маусымына қажетті көмір қорын жасақтау

Үкімет басшысы О.БЕКТЕНОВ:

– «Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында өліміздің азық-түлік өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейін арттырып, ішкі нарықтың импортқа тәуелділігін азайту жұмыстарының маңызды екенін атап өтті. Осы стратегиялық міндетті іске асыруға ықпал ететін басты шарттардың бірі – егін орағын сапалы өткізу. Үкімет тарапынан егіс жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру үшін барлық қажетті жағдай жасалды. Ауқымды қаражат бөлінді. Шаруаларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету шаралары қабылданды. Енді алқап басындағы жұмыстарды уақтылы аяқтау керек. Бұл – өте маңызды мәселе. Мемлекет басшысы өткен аптада егіншілермен болған кеңесте осыны ерекше атап көрсетті».

(Осы аптадағы Үкімет отырысынан)

келіссөздер жүргізіліп, нақты шаралар қабылданды.

Өңірімізде егін жинау жоспар бойынша қазан айының 15-нен кешікпей аяқталуы тиіс. Қала, аудан әкімдері, жұмысты мерзімінде бітіруге күш салу керек. Ол үшін шаруашылықтарды қажетті дизель отынымен толық қамтамасыз ету маңызды.

Бүгінде күзгі егін жинау жұмыстарына бөлінген 10400 тонна арзандатылған дизель отынының 5500 тоннасы жеткізілген. Дегенмен, шаруашылықтардың дизель сатып алу көрсеткіштері әлі де төмен. Қала, аудан әкімдіктері, мәселені қатаң бақылауға алып, қыста шаруашылықтардың толық еселтесін ұйымдастырыңыздар. Бөлінген дизель отыны игерілуі керек.

Мемлекет басшымыздың тапсырмасына сәйкес күрішті кезең-кезеңімен оңтайландырып, суды аз қажет ететін өзге дақылдардың көлемін арттыруымыз қажет. Егін шаруашылығын ертартапандыру, оған су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізу – заман талабы.

күн тәртібінен түскен емес. Мен бұған дейінгі мәжілістерде көмір жеткізуді ішлде айынан бастауды тапсырғанмын. Бірақ тапсырма тиісті деңгейде орындалмауда. Жылу беру маусымында көмірге қатысты ешқандай мәселе туын-дамауы тиіс. Қызылорда қаласы мен барлық аудан әкімдеріне көмір жеткізу және қажетті көмір қорын жасақтау жұмыстарын жеделдетуді тапсырамын.

Облыстық білім, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру, жұмыспен қамту басқармалары Қызылорда қаласы, аудан әкімдіктерімен бірлесіп, 25 қыркүйекке дейін шұғыл түрде дайындық паспорттарын алыңыздар. Қазан-дықтарды әзірлеп, отын қорын жасақтап, әлеуметтік нысандардың жылу беру маусымына толық дайын болуын қамтамасыз етіңіздер», – деді облыс әкімі.

Сонымен қатар, барлық аудандағы вокзалдарды жөндеу жұмыстары қауіпсіздік талаптарына сай, жинақы, белгіленген тәртіппен ұйымдастырылуы қажет екені де ескертілді.

АРАЛ АХУАЛЫ ӘЛЕМГЕ ОРТАҚ...

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының өкілдерімен кездесті.

Басқосуда аймақ басшысы Арал теңізінің ахуалы тек бір өңірдің немесе бір елдің ғана емес, әлемге ортақ, жаһандық экологиялық мәселе екенін айтты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2021-2025 жылдары Арал теңізінің құрғаған табанындағы 1 миллион 100 мың гектар аумаққа климатқа бейімделген өсімдіктер егіп, ормандандыру көлемін ұлғайтуды тапсырған болатын.

2021-2024 жылдары 659 мың гектарға сексеуіл көшеті егілді. Қалған 441 мың гектар жердегі жұмыс жыл аяғына дейін жалғасады.

Арал өңірінің экологиялық жағдайын жақсарту, қоршаған ортаны қорғау бағытында шет мемлекеттер және халықаралық ұйымдардың қолдауымен де ауқымды жұмыс атқарылуда.

Құрғаған теңіз табанындағы құм көшкірін тоқтату үшін Германия, Оңтүстік Корея, Америка Құрама Штаттарының, ірі халықаралық ұйымдар және қорлардың қолдауымен 73 мыңнан астам гектар жерге сексеуіл көшеті отырғызылды.

Денсаулық сақтау министрі А.ӘЛНАЗАРОВА:

– Бүкіл Арал өңірі үшін маңызды оқиғамен бөліскім келеді.

ДДҰ, БҰҰ, сондай-ақ Қазақстан, Өзбекстан және Қарақалпақстан өкілдерінің қатысуымен өткен кеңестің қорытындысы бойынша Қызылордада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Өңірлік офисін ашу туралы шешім қабылданды.

Бұл шешім бізге экологиялық өзгерістерге және олардың адам денсаулығына әсеріне байланысты мәселелерді жүйелі және халықаралық деңгейде шешуге мүмкіндік береді.

Кездесудің негізгі келісімдері:

Қызылордада ДДҰ офисін ашу;

мемлекетаралық деңгейде Іс-қимылдың Жол картасын дайындау;

2026 жылы ДДҰ сәуір саммитіне Арал бойынша қаулы шығару.

Арал - бұл өткен ғасырдағы экологиялық дағдарыс қана емес, сонымен қатар біз бүгін кездесетін қиындықтар: шөлейттену, улы шаң, климат пен экосжүйенің өзгеруінен туындаған аурулар.

Бірақ оң өзгерістер де бар. Соңғы жылдары теңіздің солтүстік бөлігінің кебуін тоқтатуға қол жеткізілді, көгалдандыру белсенді жүргізілуде және халықтың денсаулығын жақсарту бойынша жобалар енгізілуде. Президенттің қолдауы, өкімнің жеке назары және халықаралық ынтымақтастық біздің бірлесіп жағдайды өзгертіп, өңірге денсаулық пен үмітті қалпына келтіре алатынымызға сенімділік береді.

Қазақстан Аралды құтқару бойынша біріккен күш-жігердің орталығы болуға дайын.

ФБ парақшасынан

Қызылорда облысы әкімі Н.НӘЛІБАЕВ:

БІЗ ӘРБІР ИНВЕТОРДЫ ЗАҢ АЯСЫНДА СҮЙЕМЕЛДЕЙМІЗ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жауапты сала басшыларымен бірге астық, тұқым, мал жемі көтерме саудасымен айналысатын «Harvest Kazakhstan» компаниясы өкілдерімен кездесті.

Басқосуда бірлесіп атқарылатын жұмыстар талқыланды.

Бұл бағытта Жаркент қаласындағы жүгері-сірне зауыты басшысымен келіссөз жүргіздік. Ол бойынша бірінші кезеңде, яғни 2025-2026 жылдары кептіру цехы, екінші кезеңде 2026-2029 жылдары жүгеріні терең өңдеу зауыты салынады.



– Біздің өңір – әріптестік пен инвестициялар үшін үлкен әлеуеті бар, қарқынды даму жолына түскен агро-индустриялық аймақ. Облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайы Сырдария өзеніндегі су деңгейіне тікелей байланысты.

Егілетін негізі дақыл – күріш, ол суды көп қажет етеді. Жалпы егіс көлемі 190 мың гектар, оның ішінде күріш көлемі 80-85 мың гектар аралығында. Еліміздегі күріштің 90 пайыздан астамы Қызылорда облысында өндіріледі.

Мемлекет басшысының Жолдауындағы су ресурстарын үнемдеу, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу жөніндегі тапсырмаға сәйкес күріш көлемін азайтып, жүгері алқаптарын ұлғайтуды жоспарладық.

Зауыт тиімді жұмыс жасауы үшін кем дегенде 20 мың гектарға жүгері егілуі қажет. Сіздерге өткенде белгіленген 10 мың гектар жер телімі табысталады. Компанияның ауыл шаруашылығы саласындағы тәжірибесін ескеріп, бірлесіп жұмыс жасауға дайынбыз.

Біз әрбір инвесторды қолданыстағы заңнама аясында сүйемелдейміз.

Барлық инфрақұрылым желісі қолжетімді, облыс әкімдігі қажетті техникалық шарттарды алуға жан-жақты қолдау көрсетеді, – деді Н.Нәлібаев.

Басқосуда «Harvest Kazakhstan» компаниясының бас директоры Дәулет Увашев әріптестік қарым-қатынасты дамытуға дайын екенін жеткізді.

КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ?..

Жаз кетіп күз келгеннен қысқа дайындала бастаймыз. Қызылорда қаласы бойынша қатты отын жеткізу жұмыстарын 2 оператор жүзеге асырады. Оның ішінде «Хас Ком» ЖШС қоймасында – 14 793 тонна, ал «Олжас 2005» ЖШС қоймасында – 207 тонна көмір қоры бар екен. Бұл алдағы жылу беру маусымында тұрғындар мен әлеуметтік нысандарды көмірмен толық қамтамасыз етуге жеткілікті көлемнің бір бөлігі болып табылады.

Қала аумағында көмір тапшылығын болдырмау мақсатында операторлар тарапынан тәуліктік үздіксіз жеткізу жұмыстары жүргізілуде. Әлеуметтік нысандарға көмір белгіленген кестеге сәйкес жеткізіліп отыр. Сонымен қатар тұрғындардың да қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында қоймаларда сатылым жүйелі түрде ұйымдастырылған.

Ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап қала тұрғындарына 1410 тонна көмір сатылған.

Жалпы, көмір қорының тұрақты жеткізілуі және қоймалардағы барлығы 15 мың тоннаға жуық қордың болуы алдағы жылыту маусымын қиындықсыз өткізуге мүмкіндік береді.



Сұрағым бар...

ЖҮРЕК АУРУЫМЕН ТҮСКЕН ПАЦИЕНТТЕР ОТА ҮШІН КЕЗЕК КҮТЕДІ МЕ?

■ **Жүрек ауруларынан қалай сақтануға болады? Қызылорда облысында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында қандай кардиохирургиялық оталар жасалады және оның құны қанша? Осы және басқа да сұрақтарға көп бейінді облыстық ауруханасының кардиохирургия орталығының жетекшісі Берік Дәуітбаев жауап береді.**



— **Берік Русланұлы, кардиохирургия орталығында қандай медициналық қызметтер қолжетімді?**
— Жүрек-қан тамырлары аурулары — Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өлім-жітімнің және аурушандықтың басты себептерінің бірі. Сондықтан жүрек сырқаттарының алдын алу мен емдеу ісіне ерекше назар аударылады.
Біздің орталықта тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында пациенттерге кең ауқымды қызметтер көрсетіледі. Мысалы, егер науқас ауруханаға жедел инфарктпен түссе, біз оған шұғыл түрде коронарография жасап (қан тамырларын зерттеу) және зақымдалған артерияға стент қоямыз. Бұл

медициналық қызметтер адамның МӘМС жүйесіне қатысуына қарамастан тегін жүргізіледі.
Ал жоспарлы түрде Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы жолданған, МӘМС жүйесінде сақтандырылған науқастарға ашық жүрекке ота және басқа да кардиологиялық емдеу әдістерін жасаймыз.
— **Егер науқас шұғыл жағдайда түссе, диспансерлік есепте тұрмаса да толық көмек көрсетіле ме?**

— Иә, мысал ретінде бір оқиғаны айтайын. Байқоңыр қаласының тұрғыны, Ресей Федерациясының азаматынан жоспарлы тексерістен өтіп жүргенде сол жақ коронарлық артерия сабауының қатты тарылғаны анықталды. Бұл жағдай бір тәулік ішінде шұғыл ота жасауды қажет етті. Біз оған дереу ота жасап, өмірін сақтап қалдық. Кейін ол МӘМС жарнасын төлегендіктен толық медициналық оңалтудан өтті.
— **Өз қалтасынан төлеп емделгендер де болды ма?**
— Болды, биыл 2 жағдай кездесті. Түбі Шиелі ауданынан шыққан Мәскеу тұрғынына аортокоронарлық шунттау жасалды. Сондай-ақ Өзбекстан азаматына да дәл осындай ота жасалды, құны - 3,5 млн. теңге. Өзбекстанда мұндай оталардың басым бөлігі ақылы.
— **Жалпы жүрекке жасалатын оталардың бағасы қандай?**
— Стент қою бағасы 1 млн. 700 мың теңге, аортокоронарлық шунттау 3,5 млн. кардиостимулятор орнату 2 млн. теңгеден асады. Ең қымбаты - кардиовертер-дефибриллятор немесе үш камералы электрокардиостимулятор орнату, бағасы 10 млн. теңгеге жетеді. Бірақ МӘМС жүйесіне қатысушылар үшін мұның бәрі тегін.
— **Бұрын жүрекке ота жасатқысы келгендер жылдап көзек күтіп жүретін еді. Қазір бұл жағдай қалай?**

— Қазақстанда жүрекке алғашқы ота 1960 жылдары А.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында жасалды. Сол кезде жылына 600-700 ота жасалатын, ал қажеттілік 10 мыңнан асатын. Көп науқас кезегін күткенше өмірден өтіп кететін немесе отаға өте ауыр жағдайда түсетін. Қазір елімізде кардиохирургия қарқынды дамып келеді. Қызылорда облысында жыл сайын 200-ге жуық жүрекке ашық ота жасаймыз. Кезек жоқ, науқастар түскен бойда қабылданады.
— **Жүрек трансплантациясы отасын жасау жоспарда бар ма?**
— Біздің облыстық ауруханада бүйрек және бауыр трансплантациясы сәтті жасалады. Ал жүрек трансплантациясы қазір тек Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы орталықтарда жүргізіледі. Қызылордада әзірге мұндай қажеттілік аса жоғары емес.
— **Сіздің ең жас және ең өгде жастағы науқастарыңыз кім болды?**
— Мен мамандығым бойынша жұмысымды балалар кардиохирургы болып бастағанмын. Мәскеуде оқып, Алматыдағы перинатология және балалар кардиохирургия орталығында жұмыс істегенде алғашқы науқастарым жаңа туған сәбилер болды. Перзентханадан бірден ота залына алып келген нәресте болды. Салмағы - небәрі 1 келі 300 грамм. Туабітті жүрек ақауы бар еді. Бұл - мен көрген ең кішкентай жүрек. Сол сәттің суреті әлі күнге дейін сақтаулы. Шүкір, аман қалды. Ал ең жасы үлкен науқас — 82 жастағы ақсақал. Оған аортокоронарлық шунттау жасадық, ота сәтті өтті.
— **Жүрек ауруларының алдын алу үшін не істеу керек?**
— Адам ағзасы да автокөлік секілді уақытылы «техосмотрдан» өтуі керек. Белгілі бір жастан кейін жыл сайын скринингтен өтіп, жүректің УДЗ-ын жасап, холестерин деңгейін тексеру қажет. Ең бастысы — жүйелі түрде тексерілу.

Айгүл АХАНОВА

Оқу жылы басталғалы бері ата-аналар балаларына қандай тегін медициналық қызметтер көрсетілетінін білгісі келеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бұл туралы түсініктеме дайындады.

ОҚУШЫЛАРҒА ҚАНДАҰ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

Оқушылар МӘМС жүйесінде автоматты түрде сақтандырылған, яғни олар үшін жарналарды мемлекет төлейді. Сондықтан олар кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлемінде де, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында да барлық қажетті медициналық қызметтерді ала алады.

ОҚУШЫЛАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҚОЛЖЕТІМДІ?
- Мектеп медицинасы;
- Стоматологиялық қызметтер;
- Дәрігерлердің консультациялары;
- Зертханалық талдаулар;
- Құрал-жабдық диагностикасы (УДЗ, рентген, КТ, МРТ және т.б.);
- Күндізгі стационар;
- Тәулік бойғы стационар;
- Оңалту қызметтері;
- Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (аурулардың тізімі бойынша);
- Жоғары технологиялық медициналық көмек.

МЕКТЕП МЕДИЦИНАСЫ ДЕГЕН НЕ?
Бұл — білім беру ұйымдарында мектеп және мектепке дейінгі балаларға көрсетілетін медициналық көмек. Оған балалардың денсаулығын қорғау мен нығайту, аурулардың алдын алу және олардың денсаулық жағдайын динамикалық бақылау кіреді.
Мектеп медицинасына келесі қызметтер кіреді:
- Алдын ала медициналық қарауларды жүргізу;
- Оқу және демалыс уақытындағы сауықтыру іс-шаралары;
- Аурулардың алдын алу;
- Денсаулықты нығайту және дұрыс тамақтануды насихаттау;

- Репродуктивті денсаулықты қорғау;
- Психикалық денсаулықты қорғау, суицид, темекі шегу, есірткі мен улы заттарға уәестік, ойынға тәуелділіктің алдын алу;
- Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес вакцинация жүргізу;
- Алдын ала қараулар нәтижесі бойынша оқушыларды терең медициналық тексеруге жолдау;
- Санитарлық ережелерді сақтау.
Бұл қызметтер мектеп орналасқан аумаққа тиесілі емхана арқылы көрсетіледі. Мектептердегі медициналық пункттер оқу жылы барысында балаларды медициналық қызметкерлер бақылап, уақытылы медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді.
- «Кейде бізге ата-аналардан балаларын рұқсатсыз басқа медициналық ұйымға тіркеп қойғаны туралы шағымдар түседі. Мұндай пікірдің пайда болуына себеп — жүйеде баланың басқа емханадан медициналық қызмет алғаны туралы ақпараттың көрінуі. Алайда іс жүзінде бұл қызметті баланың оқып жатқан мектебіне қызмет көрсететін емхана көрсеткен», — деп түсіндірді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басқарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.
Сол себепті ата-аналар кейде балаларына қатысты көрсетілген медициналық қызметті білмей, оған жүгінбегенін айтып жатады. Мұндай қызметтер туралы ақпарат скрининг және қосымша диагностикалық шаралар толық аяқталғаннан кейін, кейде баланың жасы жеткеннен кейін ғана базада пайда болуы мүмкін (мысалы, баланың жасы жетіге толмаған болса да, ол бірінші сыныпта оқитын болса, скрининг нәтижелері бала туған күнінен кейін енгізіледі).

ЕМХАНАҒА ҚАЛАЙ ТІРКЕЛЕДІ?

Қазақстанда емханаға тіркелу науқаны басталды, ол 1 қарашаға дейін жалғасады. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы хабарлады.
Осы кезеңде әр азамат өз елдімекені шегінде емхананы таңдауға немесе ауыстыруға құқылы. Өтінішті келесі жолдармен беруге болады:
eGov.kz порталы арқылы (онлайн, 1 жұмыс күні ішінде қаралады);
таңдалған емханада жеке өтініш беру арқылы.
Маңызды: бұрынғы емханадан шығу автоматты түрде жүзеге асырылады. Егер емхананы ауыстыруды жоспарламасаңыз, қайта өтініш берудің қажеті жоқ.
Жаңа емхана медициналық көмекті келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап көрсетеді (Қормен келісімшарт болған жағдайда).
Ұсыныстар:
Барлық отбасы мүшелерін бір дәрігерге тіркеу сапалы бақылауды қамтамасыз етеді.
Үйде медициналық көмек көрсетілу үшін емхананы тұрғылықты жерге жақын (жаю 15–20 минут) таңдаған жөн.
Бекітуден бас тарту себептері:
өтініштегі дұрыс емес деректер;
басқа елдімекенде тұру;
емханада тіркелгендер санының шектен асуы;
баланы тіркеуге қажетті құжаттардың болмауы.
Емхананы науқаннан тыс та ауыстыруға болады: жылына бір рет еркін таңдау құқығымен, сондай-ақ тұрғылықты жерін, жұмысын, оқуын өзгерткенде немесе бұрынғы емхана жабылған жағдайда.

“КӨЛІК ТАРИХЫН” ТЕКСЕРУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы хабарлауынша «ЦОН» мобайл қосымшасында «Көлік тарихы» қызметі іске қосылды. Осы арқылы көлік жайлы толық ақпаратты білуге болады.
Ол үшін ЖСН мен телефон нөмірімен кіріп, VIN-кодты енгізу жеткілікті. Осылайша, қызмет дайын анықтама береді.
Бір тексерістің бағасы — 500 теңге. Егер де 10 тексеріс жасасаңыз, жеңілдікпен 4500 теңге, 20 тексеріс болса 8000 теңге.
Көлік аларда “Көлік тарихын” тексеріп алсаңыз қауіпсіз боласыз, алаяқтықтан сақтанасыз.

СЕРТИФИКАТТАР ДИПЛОМДЫ АУЫСТЫРА АЛАДЫ МА?

Жұмыс өтілі мен дипломнан бөлек, сертификаттар да білім деңгейін дәлелдеу үшін қолданыла береді.
Өр түрлі мамандықтарға оқытатын, білім көтеретін қысқа мерзімді курстар сертификаттары да дипломға теңестіріледі. Алдымен қызметкер біліктілікті арттыру курсы тәмамдағанын Career Enbek порталы арқылы білім деңгейін дәлелдесе болғаны.
Енді бейресми оқу да ресми деп танылады. Демек, жұмыс өтілі мен дипломнан бөлек сертификаттар да білім деңгейін дәлелдеу үшін қолданыла береді.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАРЫЗДАРЫ БОЙЫНША ЖТСМ ТӨМЕНДЕДІ МЕ?

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі — Агенттік) «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысы құрылымдық элементінің қолданысын тоқтата тұру туралы» Агенттік Басқармасының 2015 жылғы 20 тамыздағы № 35 және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 48 бірлескен қаулысын (бұдан әрі — Бірлескен қаулы) қабылдады.
Екінші деңгейдегі банктерге автоматтан-дырылған банк жүйелерін бейімдеу үшін, сондай-ақ азаматтардың ЖТСМ-нің шекті мәнін төмендету туралы норма күшіне енгенге дейін мақұлданған ипотекалық тұрғын үй қарыздарын алуы үшін қосымша уақыт беру мақсатында, Бірлескен қаулымен **2025 жылғы 1 қарашаға дейін ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша ЖТСМ-ді 25%-дан 20%-ға дейін төмендету жөніндегі норманы тоқтата тұру көзделген.**

ҚОСЫМША ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ РҰҚСАТ БАР МА?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеуінше қазақстандықтардың негізгі жұмысынан бөлек қосымша жұмыс істеуіне рұқсат бар екен.
Алайда еңбек заңнамасына сәйкес шектеулер сақталуға тиіс: жұмыс уақыты негізгі жұмыста сегіз сағаттан, қосымша жұмыста төрт сағаттан аспау керек.
Еңбек кодексінде қосымша жұмыс шарттарын бекіту, еңбек демалысын үйлестіру және көмелетке толмағандар мен қауіпті еңбек жағдайында істейтіндерге шектеулер көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілерге де қосымша жұмыс істеуге тыйым салынған, тек педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметке рұқсат бар.
Бұл ретте мынадай шектеулер сақталуға тиіс:
негізгі жұмыста 8 сағаттан, ал қосымша (қосалқы) жұмыста 4 сағаттан аспауы керек.
Яғни барлығы бір тәулікте жұмыс уақыты 12 сағаттан аспауға тиіс.
Еңбек кодексінің 32-бабының

4-тармағына сәйкес, қосымша жұмысқа еңбек шартын жасасу үшін жұмыскер негізгі жұмыс орнынан еңбек жағдайлары мен сипаттамасын, яғни жұмыс орны, лауазымы, еңбек жағдайларын растайтын анықтама ұсынуы қажет.
Кодекстің 68-бабының 3-тармағына сәйкес, негізгі жұмыс орнындағы және қосымша жұмыстағы күнделікті жұмыс уақытының жиынтық ұзақтығы осы Кодекстің 71-бабының 4-тармағында белгіленген күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығынан 4 сағаттан артық болмауға тиіс.
Кодекстің 92-бабының 5-тармағына сәйкес, қосымша жұмыс бойынша еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін жұмыскерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы негізгі жұмыс орны бойынша демалыспен бір мезгілде беріледі.
Егер қосымша жұмыс бойынша еңбек шарты шеңберіндегі жыл сайынғы ақы төленетін демалыстың ұзақтығы негізгі жұмыс орны бойынша демалыс ұзақтығынан аз болса,

онда жұмыскердің өтініші бойынша жұмыс беруші демалыстардың ұзақтығындағы айырмашылық күндеріне жалақы сақталмайтын демалыс береді.
Кодекстің 26-бабының 2-тармағының 5)-тармақшасына сәйкес, он сегіз жасқа толмаған адамдарды, сондай-ақ ауыр жұмыстарда, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында еңбек ететін жұмыскерлерді (медициналық жұмыскерлерді қоспағанда) қосымша жұмысқа қабылдауға жол берілмейді.
Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес, қосымша жұмыс істеуге мемлекеттік қызметшілерге тыйым салынады, өйткені олар педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметтен басқа, өзге ақылы қызметпен айналысуға құқылы емес.
Жоғарыда аталған шектеулерге жатпайтын кез келген көмелетке толған азамат қосымша жұмыс істей алады.

